

**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ**  
**ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ**  
**PHILOLOGICAL SCIENCES**

**GTAMP 16.21.07**

**ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕРДІҢ РЕСМИ ІС ҚАҒАЗДАРЫ СТИЛІНДЕГІ КӨРІНІСІ**

**Н.М. АЛДАШЕВ**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ тілінде қысқарған сөздердің ресми іс қағаздары стиліндегі көрінісінің сипатын айғақтайтын тілдік деректер арқылы мәнін ашу, олардың табиғатына тереңдеу қазақ тіліндегі қысқарған сөздердің қолданысын тарихи сабақтастықта анықтау туралы сөз болады. Қысқарған сөздердің ресми іс қағаздары стиліндегі көрінісінің ролі мен орны, құрылымы, семантикалық құрылымы мен аспектілері талданады.

**Түйін сөздер:** қысқарған сөздер, аббревация, сөзжасам, ресми тіл, аффикс, лексика-грамматикалық сипаты.

**Аннотация:** Статья посвящена определению значения аббревиации официально – нормативных документах, их история развития в казахском языке путем углубления их природы с помощью лингвистических данных, отражающих национальный характер, в моделях словообразования, где анализируется роль и место, структура, семантическая структура и аспекты.

**Ключевые слова:** аббревация, словообразование, официальный язык, аффикс, лексика – грамматический описание.

**Annotation:** The article is devoted to the definition of the meaning of the abbreviation of the official-normative documents, their history of development in the Kazakh language by deepening their nature with the help of linguistic data reflecting the national character, in word formation models, where the role and place, structure, semantic structure and aspects are analyzed.

**Key word:** abbreviation, word formation, official language, affix, vocabulary - grammatical description.

Қазақ халқының қалыптасуы мен дамуындағы және тарихи дәуірдегі әлеуметтік, қоғамдық - саяси, мәдени, сауда-саттық, экономикалық қарым – қатынастарда қысқарған сөздер (аббревация) қазақ тілінен тілінен көрініс табуда. Ғасырлар бойы тағдырлас болған көршілес халықтардың тіліндегі сөздердің алмасуы, бір тілден екінші тілге сөздердің енуі, оның игерлу үрдісі - қазақ тілнің сөдік құрамын, оның байлығының сөздік қорын байытуға үлкен септігі бар тілдік құбылыс. Қазақ тілінің тарихын, дәуірлеу үрдісін, қалыптасу жолын зерделеу барысында басқа тілден енген қысқарған сөздердің игерілу үрдісін тілтанымдық тұрғыдан зерттеудің қажеттілігі аса қажет. Тақырыпқа арқау болып отырған қазақ тіліндегі қысқарған сөздердің игерілуі жайын, оның орай қолданылу сақтау - өзекті мәселелердің бірі. Қазақ тіліндегі қысқарған сөздердің игерілуі жайында сөз айтқанда, олардың мәдени –

танымдық мәнін де ашу үшін стильдік қабаттарда және фонетикалық, семантикалық жақтарының қолданылу ерекшеліктерін анықтау керек.

XX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап қазақ тілінің дамуы жайында кезінде үлкенді – кішілі көптеген зерттеу еңбектер, монографиялық кітаптар мен мақалалар жарияланды [10]. Осы жылдардың ішінде қазақ тілінің дамуы мен қалыптасуы, ғылым тіліретінде бір жүйеге түсуі, сонымен бірге қысқарған сөздердің игерілуі бір жүйеге түсе бастады.

Қазақ тілінің ғылым тілі болып қалыптасуы мен қысқарған сөздердің игерілуін қазіргі уақытта теориялықта, практикалық та жағынан зертеудің қажеттілігі туындап отыр. Бұл - қазіргі тіл ғылымында ерекше сипатқа болып тұрған мәселе

Академик Ә.Қайдаров: «Егер бай тіл, орташа тіл, кедей тіл деген ұғым әрбір тілдегі сөздердің нақтылы санына байланысты айтылатын болса, онда бұл мәселені оңай шешуге болар еді. Бірақ тіл мәселесінде тілдің байлығы тек қана санмен ғана емес, сапамен де өлшенетіндігі белгілі, санның сапаға көшіп отыруы айқын байқалады. Мысалы, 10 томдық ҚТТС –де 66931 атау сөз, 24497 лексикаланған тұрақты тіркес қамтылған. Бұл екеуі 91428 лексикалық бірлік деген сөз. Барлығы сөздікте 103 мың мағыналық бірлікті сипаттап тұр. Өйткені бір сөздің бір емес, екі-үш мағынасы болуы мүмкін ғой. Сөздіктегі фразеологиялық тіркестің саны 16 мың екен. І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» (1976) 10 мыңдай фразеологизм қамтылыпты. «Абай тілінің сөздігінде» (1968) 6 мыңдай реестр сөз болса, М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағында 20 мыңдай сөз қолданыс тапқан.», - деп пайымдайды [1]. Осындай ерекшеліке ие мәселе - қысқарған сөздердің ресми стильдегі көрінісі.

Өзінің лексикалық - фразеологиялық құрамы жағынан ресми іс қағаздары стилі басқа стильдерден өзгешеленіп тұрады және ауызекі сөйлеу тіліне қарама-қарсы болады. 1920 жылдардың аяғына дейін қазақ тілінде жүргізіліп келген ресми іс қағаздары стилінің таралу әдісі 1980 жылдары бәсеңдеді де, қазіргі тұста қайтадан қарқынды сипат алды. Ресми іс қағаздары стилінің мынадай тармақтары бар: заңдар, үкімдер, азаматтық және қылмыстық актілер, жарғылар; жарлықтар, бұйрықтар, арыз, өтініш, мінездеме, өмірбаян, қолхат және т.б. [3.4.6.7.]

Мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты білдіретін нота, меморандум, коммюние, келісім-шарт, конвенция және т.б. осы ресми қысқарған сөздерге жатады. Бұлардың қай-қайсысы да қазақ тілінде беріліп жүр. Бұл ретте олардың орыс тілінен аударылатынын атап өткен жөн. Тілдік ерекшеліктеріне сай ресми іс қағаздары стилі ойды жеткізу логикасы жағынан ықшам болып келеді.

Ресми стилінің өзіне тән басты-басты тілдік ерекшелігі бар. Осындай ерекшеліктердің бірі – стильдік табиғатына сәйкес номенклатуралық атауларды, күрделі терминдерді кең қолдануы. Ресми іс қағаздар стилі күрделі атаулардың қысқартылған баламаларын ыңғайда қолданады. Кең танымал актив қысқарған сөздерді қосымша анықтамасыз пайдаланады. Буындық қысқартуларды буынның немесе соңғы сөздің, компонентінің мағынасы арқылы түсіндіріліп тұратындығы себепті қосымша анықтамасыз, яғни жақша ішінде толық атауын көрсетпей-ақ береді. Мысалы: Орындауға жауаптылар: «Ақтөбекәсіпмұнай» АҚ. «СНПС Ақтөбамұнайгаз»

Ресми іс қағаздары стилінде кездесетін қысқарған сөдер орыс тілінің сөз қысқарту үлгісімен жасалатындығы да байқалады. [4]

Мысалы: Жоғары деңгейде қол қою үшін Декларацияның жалпы ережелерін дамыту және анық негізде өзара түсінітік пен ынтымақтастық туралы Шарт немесе осы тақілеттес басқа да негізгі алынатын құжат жасау жөнінде Канада тарапымен келіссөз өткізу. Орындауға жауаптылар: Сыртқыісмин, Әділетмин. Технопарк жұмысының мақсаты аталмыш аймақтың тұтыну қажетін ескере отырып, даяр ғылыми жобаларды, технологияларды, патенттерді және тағы басқаларды сату болып табылады. Бұл мысалдан көріп отырғанымыздай ресми іс қағаздарға тән мазмұнның толық болуы: нақтылық, түсініктілік сияқты қасиеттеріне қысқарған сөздер толық жауап беріп, ресмилік мәнді көрсете алып тұр. Қандай қоғамда болмасын өндірістің шаруашылықтың өмірімен ғылымның техниканың т.б. факторлар әсерт етіп, ондағы борлып жатқан жаңалықтар тікелей сол халықтың тіліне, сөздік құрамына іс қалдырып отырады.

Қазір қоғамда болып жатырған өзгерістер ресми іс қағаздары стилінде ұзақ уақыт қолданылып келген қысқарған сөздерді шеттетіп, тілдік қолданыстан шығарып тастады. Мысалы: СССР Конституциясына және Қазақ ССР Конституциясына сәйкес жұмысқа алу кезінде жынысына, нәсіліне, ұлтына және дінге көзқарасына қарап, праволарына қандай да болсын тікелей немесе жанамалап шек қоюшылыққа, не болмаса тікелей немесе артықшылықтар белгілеуге жол берілмейді. ССР Одағының және Одақтас республикалардың еңбек туралы заңдарының негіздеріне сәйкес мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру жөніндегі жәрдемдерді берудің негізгі шарттары мен олардың мөлшері СССР Министрлер Соверті ВЦСПС-пен бірлесе отырып белгілейді. «Қазақ КССР Президентін сайлау туралы «Қазақ КССР» Заңына сәйкес сайланған Қазақстан Республикасы Президентінің қызметке кірісуінің бірінші мерзімін есептеу 1991 жылғы желтоқсанның 10-нан басталады деп саналсын.

Ресми іс қағаздаы стилінде қайталаулар болмайды. Себебі, ресми қағаздары стиліндегі қысқарған сөздерді әр түрлі формада өзгертіп, алмастырып отыратын болсақ, оқырмандарға, жалпы жұртшылыққа түсініксіздік туғызады. Қысқарған сөздер нақтылық ұғыммен қатар,

бар мағыналық қасиетін бойына сақтап тұрады. Сонымен бірге мұндай қысқарған сөздердің ресми іс қағаздарда қолданылуы берілетін ойды, оның мазмұнын толық жеткізуге ат салысады.

Ресми қағаздан стилінде қоғамның жаңа бір арнада дамуы және халықаралық қатынастарда еліміздің мәртебесінің өсуі және т.б. факторлар өз әсерін тигізді. Мұндай қысқарған сөздердің түрлері қазақ тіліне аударылып беріледі. Бұл, әсіресе, заңдар жинағында, халықаралық келісімдерде, жиі кездеседі. Алайда кейбір қысқарған сөздердің ресми іс қағаздары стиліндегі баламаларының кейбіреулері жалпыхалыққа түсініксіз болады. Мысалы: МГӨЗ – мұнай газ өңдеу заводы; ҰАҚ-Ұлттық акционерлік қоғам; «Казголд» БК-қазақстантүсті металдар және «Голбелт Россорсиз» біріккен кәсіпорны; БСҰ – Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымы; РӨБ- республикалық өндірістік бірлестік.

Бірнеше сөздердің тіркесінен тұратын күрделі атаудың әлденеше мәрте қайталап бермес үшін, ресми іс қағаздары стилінде олардың қысқарған варианттары мынадай үлгіде қолданылады. Тұтас күрделі атау ресми құжаттарда бір рет жазылады да, одан кейін жақша ішінде қысқарған сөздің құрамында бір сөз балама ретінде алынып, тексте әр қарай қолданыла береді. Сондай-ақ бұл стиль қысқартылған ресми синонимдерді күрделі атаудың ықшамдалған екінші номинациясы екендігін көрсету үшін тұрақты орамдардың көмегі арқылы түсіндіріліп отырады [4.10.]<sup>7</sup> Мәселен, Ресей Федерациясы және Қазақстан Республикасы (бұдан әрі қарай – Тараптар деп аталатындар) екі елдің арасындағы ынтымақтастықты көздейді. Жекешелендіру жөніндегі жұмыс комиссиясы ашық акционерлік қоғам борлып қайта құрылуға тиісті кәсіпорындарда, бөлімшелерде құрылады. Осы Ереже «ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес әзірленген және Жастарға арналған әлеуметтік қызметтің (бұдан былай қызмет) негізгі міндеттерін, функциясы мен құқықтарын анықтайды. Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы мемлекеттік меншікті жеке меншіктің түрлі нысандарына айналдырудың мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ тәртібі мен ретін белгілейді. Қазақстан Республикасы көлік кешенінің қызметтерінде басшылық жасайтын орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы «Қазақкино» компаниясы (бұдан әрі – Қазақкинокомпаниясы) Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан мемлекеттік бейнефильмдер шығару, жалға беру және көрсету жөніндегі концернді Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы «Қазақкино» мемлекеттік компаниясы етіп қайта құру туралы № 1343 Жарлығына сәйкес құрылды және Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органы құқында жұмыс істейді. Қазақстан

ауылшаруашылығы Министрлігі жанындағы Балық шаруашылығы жөніндегі комитеті кәсіпорындары мен ұйымдары негізінде «Балық» мемлекеттік акционерлік компаниясы. Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңес министрліктер мен ведомстволардың тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі қызметін үйлестіру, қамтамасыз ету мақсатында құралыда. Жоғарыда келтірілген мысалдардағы «Комиссия», «Әлеуметтік қызмет», «Бағадрлама», «Министрлік», «Қазақкинокомпания», «Компания», «Кеңес» және т.б. сөздер «бұдан әрі қарай», «деп аталатындар» тәрізді орамдардың көмегі арқылы күрделі атаудың баламасы ретінде жұмсалып тұр. Бұл — ресми іс қағаздарға ең қажет үлгілердің бірі.

Алайда мұндай қысқарту үлгілерін жасауда орыс тілінің ықпалы айқын сезіліп тұрады. Бірақ халықтар арасындағы байланыс әсерінен осындай қазақ тіліндегі үлгілер уақыт өте келе қазақ тілінің табиғатына сыйымды құбылыс болуда.

Ресми іс қағаздарына тән ерекшелік нақтылық, ұғымды, ойды толық жеткізу болса, қысқарған сөздердің қазақша баламалары бұған толық түрде жауап бере алады. Сонымен бірге ресми-іс қағаздары стиліндегі ресмилік мәнге ешқандай нұқсан келтірмейді, қайта онымен үндестік, астасып жатады. Бұл қазақ тіліндегі қысқарған сөздердің ресми іс қағаздары стиліндегі қолданысында өзіндік орны бар екенін көрсетеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қайдаров Ә. «Тіл байлығы рухани қазына» «Қазақ тілі мен әдебиеті журналы» 1991 ж., №7,3-10 беттер.
2. Қасым Б. Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалы аспектісі. – Алматы: «ЖК Волкова А.В.», 2010.
3. Н.Оралбаева Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы, 2002 .
4. Алдашев Н. Қазіргі қазақ тіліндегі қысқарған сөздердің қысқаша анықтамалық сөздігі. Ақтөбе, 2010
5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ тілі лексиканың терминдеуінің үрдістері: филол. ғыл. док. автореф. Алматы, 1999.
6. Алдашев Н.М. Профессор Қ.Жұбанов және сөзжасам жұрнақтары. ҚР Білім және ғылым министрлігі. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Ұлы дала тұлғалары: Жұбановтар тағылымы және жазу реформасы» Алматы 2019, 71-73 б.
7. Құрманбайұлы Ш. Жаңа атаулар мен қолданыстар. Алматы, 2017
8. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. Алматы 2012
9. Жүнісбеков Ә. Төл әліпби- төл жазу мәселелері. Алматы, 2017.

10.Алдашев Н.Қазіргі қазақ тіліндегі қысқарған сөздер. филол. ғыл. канд..автореф. Алматы, 1996

**SRSTI 16.21.25**

## **COMPETENCY-BASED APPROACH IN METHODOLOGY OF FOREIGN LANGUAGE TEACHING**

**A.A. BAIZHANOVA**

*Aktobe regional university named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan*

**Аңдатпа.** Мақалада білім беру жүйесіндегі құзыреттілік және құзыреттілік ұғымдары талқыланады. Шетел тілін оқытуда құзыреттілік тәсілінің рөлі қарастырылады. Мақалада шет тілін оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдері анықталған. Шет тілінде кәсіптік қызмет саласындағы коммуникативтік тапсырмаларды шешу қабілеті мен дайындығын қамтамасыз ететін біліктілік түрлері анықталады. Студенттің жоғары деңгейдегі бастамаларының, ұйымдастырушылық қабілеттерінің болуын, объективті баға беруге дайындығын және өз іс-әрекеттерін талдауды көздейтін негізгі құзыреттіліктер қарастырылады. Басты құзыреттілік қызметтің кез келген саласы үшін өзекті болып саналады. Педагогикалық процесті ұйымдастыруға құзыреттілік тәсілді енгізу адамзат прогресінің жеке тұлғаның даму деңгейіне тәуелділігін түсіну арқылы жүзеге асырылады. Мұндай тәсіл студент шешім табу үшін күрделі жағдайларда әрекет ете алатын білім беру нәтижесінде шоғырланған.

**Түйін сөздер:** жоба әдісі, іс-әрекет нәтижесі, ойлау, презентация, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық.

**Аннотация.** В статье рассматриваются понятия компетентность, компетенция и компетентностный подход в системе образования. Рассматривается роль компетентностного подхода в обучении иностранному языку. В статье определены наиболее эффективные методы и приемы обучения иностранному языку. Выявлены виды компетенций, формирование которых обеспечит развитие способности и готовности решать коммуникативные задачи в сфере профессиональной деятельности на иностранном языке. Рассматриваются ключевые компетентности, которые предполагают наличие у студента высокого уровня инициативы, организаторских способностей, готовность к подаче объективной оценки и анализ своих действий. Ключевые компетентности считаются актуальными для любой сферы деятельности. Внедрение компетентностного подхода в организацию педагогического процесса происходит посредством понимания зависимости прогресса человечества от уровня развития личности в отдельности. Такой подход сосредоточен на результате образования, когда для нахождения решения студент способен действовать в сложных ситуациях.

**Ключевые слова:** компетенция, профессиональная деятельность, компетентностный подход, специалист, конкуренция, общие принципы.

**Abstract.** The article discusses the concepts of competence, competency and the competency-based approach in education system. The role of the competency-based approach in foreign language teaching. The article defines the most effective methods and techniques of teaching a foreign language. The types of competencies are revealed, the formation of which will ensure the development of the ability and readiness to solve communicative tasks in the field of professional activity in a foreign language. The key competencies are considered, which suggest that the student has a